

«Үш ғасыр жырлайды», «Ай заман-ай, заман-ай» антологияларында, «Әлем» альманагында, «ХІХ ғасыр әдебиеті» (1991) хрестоматиясында жарық көрді.

Зар заман әдебиетінің басты өкілдері Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері шығармалары кейінгі жылдарда жекелей және арнайы жинақтарға топтастырылып басылып шықты. Бұл іске Қ.Өмірәлиев, Қ.Сыдықов, С.Дәуітов, Ш. Керімов, Қ.Мәдібаева, Қ.Жүністегі, Б.Сандыбайұлы т.б. ғалымдар мен әдебиетшілер үлес қосты. Біз негізінен осы кітаптарда жарияланған өлең текістерін қолдандық.

Қорытынды.

Қазақ әдебиетіндегі зар заман поэзиясының зерттелуі ұлттық әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелер жүйесін құрайды. Мұхтар Әуезов негізін қалаған бұл саладағы зерттеулер ұлттық әдебиет тарихындағы сыншыл реализм көркемдік әдісі арнасындағы ақын. Жыраулар мұраларының поэтикасын жан-жақты зерделеу сырларының түсініктер. Қазақ әдебиеттану ғылымында ХХ ғасырдың 30-80 ж.ж. жабық тақырып болып қалған бұл бағыттағы зерттеулер ХХ ғасырдың 90 жылдарынан бастап жаңаша көтерілді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі жариялағаннан кейін бұрынғы тиым салынған тақырыптар осылайша жаңаша көтеріле бастап зар заман поэзиясы - әлем әдебиетіне ортақ сарындармен үндесті. Қазақ халқының тарихи-әлеуметтік оқиғалары ақындар шығармаларындағы сыншыл және романтикалық сарында поэтикасында қарастырған еңбектерді саралау арқылы әдебиеттанудағы теориялық-методикалық негіздерді меңгереміз.

Қорыта айтқанда, зар заман поэзиясы мұраларының зерттелуі ұлттық әдебиеттану ғылымының оскелең болмысын танытады. Бұл үрдіс жаңа зерттеулер мен жалғаса береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әуезов М.О. «Әдебиет тарихы» - Алматы: Ана тілі, 1991 – 240 б.
2. Омарұлы Б. «Зар заман поэзиясы» - Алматы: Білім, 2000 – 360 б.

## **ГЕОРТОНИМДЕРДІҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ЛЕКСИКО-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Әбдинман Жаппия**

*1-А, филология факультеті, Сүлейман Демирел Университеті*

Ғылыми жетекші: Абнасыр Райхан Жалғасбайқызы

Семасиологияның қазіргі замандағы дамуын көріп, тіліміздегі лексиканың жүйелілігіне байланысты жалпытеориялық және практикалық мәселелерге көптеп көңіл бөлініп оған деген қызығушылықтың артқанын байқаймыз. Көптеген зерттеушілердің айтуы бойынша жүйелілік тек абстракциялық лексикаға тән, ал нақты лексикада жүйелілік бола алмайды. Себебі ол көбінесе айналадағы болып жатқан құбылыстар, табиғаттағы өзгерістерге негізделген. Соңғы он жылдықта лексикалық құралдардың ең маңыздысы жалқы есімдерге үлкен көңіл бөлініліп жатыр. Олардың жаратылысы теоретикалық лингвистикада көптеп зерттелді, дегенмен әрбір зерттеуші оны әр түрлі мағынада түсіндіреді. Онимдер адам есімдері, географиялық және космостық объектілерге, жануарларға, әр түрлі материалдық заттар мен мәдени құндылықтарға атау беру үшін қолданылатыны бәрімізге белгілі. Жалқы есімдердің функционалдық және тілдік өзгешеліктері олардың тіл білімінің ерекше бір саласы ономастикада (onomastike – грек тілінен аударғанда атау беру өнері) зерттеледі.

Соңғы кезде жалқы есімнің ономастикалық кеңістігінің құрылымын ғылыми бейнелеуге, ономастикалық әдістердің зерттелуіне, номинацияның принциптері мен тәсілдеріне байланысты ғылыми жұмыстар орыс лингвистикасында көптен шығарылып жатыр, ал қазақ лингвистикасындағы онимдердің жағдайы біршама нашар. Орыс зерттеушілері онимдерге қатысты қызығушылықты былай түсіндіреді, жалқы есімдер жалшы есімдерге қарағанда экстралингвистикалық факторларға тәуелді. Сол себепті, ономастикаға этнолингвистикалық және лингвомәдени зерттеу материалы ретінде қарау заңды құбылыс. Бұған дәлел, Е.Л.Березовичтің мына сөзін келтіруге болады: «Ономастикада этномәдени жаңалықтардың ең маңызды да тұрақты бөлшектері сақталады».

Ал жаңа замандағы ономастикада теориялық, нақты фактілік және методикалық материалдар сақталған. Ономастикалық кеңістікті зерттеу лингвистикалық және философиялық дәстүрлерге

бағынады. Бұл тұжырымды дәлелдеуде арқа сүйейтін қайнар көз – П.Флоренский, А.Ф.Лосев, О.С.Ахманова, А.В.Суперанская, В.А.Никонов еңбектері. Айтып өткендей, қазіргі кезде ономастиканың түрлі тармақтарының нақты мәселелеріне, жалқы есімдердің классификациясының теоретикалық бағыттарын жетілдіруге, осы топтағы лексиканың тарихи өзгешеліктерін зерттеуге көңіл көптеп бөлініп жатыр. Соңғы он жылдықтың көлемінде шыққан Ю.А.Карпенко, И.В.Крюкова еңбектері көмегімен ономастикада онимдер, олардың құрылымы мен құрамына байланысты жаңа зерттеулермен толықты. Л.А.Введенская, М.М.Горбаневский, Л.Ш.Трубе өз еңбектерінде ономастикадағы деривация, онимизация, трансонимизация және аппелятивизация процесстеріне тоқталды. Жалқы есімдердің мәтін құраудағы, қарым-қатынастағы ролі В.Н.Михайлов, О.И.Фонякова, И.Б.Воронова зерттеулерінде анықталды, Н.В.Подольскаяның зерттеулері ономастикалық терминологияның қалыптасуына әсер етті.

Қазіргі лингвистикада ономастикалық кеңістіктің жан-жақты қарастырылған лексико-семантикалық өрістері: антропонимдер, топонимдер, теонимдер және де айрықша көңіл бөлінген зоонимдер мен космонимдер. Ал ономастикадағы шеттетілген топтарды зерттеу мен қарастыруға жоғарыдағы өрістерге қарағанда аз көңіл бөлінеді. Ономастиканың континуумына жалқы есімдердің өзара тығыз байланыстылығы тән екенін атап өткен жөн. Ол біздің кеңістік және уақытта өмір шындығының құбылысы сияқты дамиды, дегенмен, оның өзіндік ерекшелігі бар. Оған мәдени үздіксіздік немесе әр түрлі мәдениет және елдердің белгілі бір құбылысқа берген атаулары арасындағы ерекше байланыс тән. Ономастикалық кеңістікте зерттелмей, шеттетіліп жүрген топтың бірі – геортонимдер. Н.В.Подольская өзінің «Словарь русской ономастической терминологии» атты сөздігінде геортонимдерге мерекелер, салтанаттар, фестивальдар атауы деген анықтама береді.

Геортонимдерге тән қасиет қайталай номинациялау, олардың көбі экстралды факторлармен анықталады. Аса өнімді номинациялау метафоралық болып саналады (геортонимдердің 72% осы тәсілмен жасалған). Кейіптеу мен өзгеріске ұшырау (перифразалар) көптеп қолданылатыны байқалады.

Геортонимдердің сөз жасауының 6 тәсілі анықталған: суффиксті, префиксті, плюрализациялы, қосылу, қысқартылу, эллиптеу.

Геортонимдерге байланысты қолданылатын номинациялау, сигнификациялау және коннотациялаудың тілдік, номинотивті-дифференциалды функциялары анықталды. Геортонимдердің сигнификация саласында мазмұнды өзгешелігі: информативті және когнитивті (энциклопедиялық). Коннотация саласында жалқы есімдер стильдік, бағалау, мәдени-тарихи функциялары анықталды. Мәні мен мазмұнына байланысты геортонимдердің ұлттық-мәдени және идеологиялық өзгешеліктері бар екені анықталды.

Геортонимдерді толықтай топтастыра келгенде, оның 170 атауы табылған, олар өз кезегінде 3 лексико-семантикалық топқа (ресми, халықаралық және салт-дәстүр геортонимдері), олардың өздері 12 топшаға біріктірілген.

Геортонимдердің бір тармағы ресми мерекелер. Енді еліміздің ресми мерекелеріне тоқталсақ. Ресми мерекелерге негізінен, тәуелсіздік алғаннан кейінгі мерекелер жатады. Әрине олардың ішінде: Тәуелсіздік күні, Республика күні, Конституция күні, Ұлттық теңге күні, Қазақстан халықтарының тілдер күні, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, т.б. мерекелер бар. Бұл мерекелердің мәнін халқымыздың тарихына көз жүгірту арқылы түсіндіре аламыз.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан өзін тәуелсіз мемлекет деп жариялап, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заң қабылданды, әрине сол себепті бұл күн «Тәуелсіздік күні» болып белгіленді.

Ал 25 қазанда Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы декларация қабылдануына байланысты бұл күн «Республика күні» болып жарияланды.

«Қазақстан халықтарының тілдері күні» мейрамы туралы айтатын болсақ, бұл 1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Тіл туралы» заңды қабылдауына байланысты.

15 қараша күні тойланатын «Ұлттық теңге күні» мерекесінің шығу тарихы 1993 жылы мемлекеттік ақшаның шығуымен байланысты.

Еліміздегі елеулі мерекенің бірі агартушы азаматтарымыз, қоғам қайраткерлерін ақтау жөніндегі «30-40 жылдар аралығында және 50 жылдардың басында заңсыз қуғын-сүргіннен зардап шегіп, кейіннен ақталған азаматтарға жәрдем көрсету жөніндегі шаралар» туралы Жарлыққа Елбасымыздың қолы қойылғаннан кейін, 31 мамыр сол құрбандарды еске алу күні болып белгіленді.

Геортонимнің тағы бір тармағы салт-дәстүр мерекелері. Бұл мейрамдарға діни мерекелер, қазақ халқының төл мерекелері жатады.

Ең алдымен сол мейрамдарды тізіп өтсек, Наурыз, Құрбан айт, Арафа күні, Ораза айт, Рағайб кеші, Қадыр түні, Рамазан, Ашура күні, Ша'бана түні, Миғраж кеші, дінімізге жат болса да Рождество және арамызға сіңіп кеткен Жаңа жыл.

Сөзімізді Құрбан айттан бастайық. Құрбан – түрік сөзі, ал арабша «Ид әл-адха». Мағынасы – құрбанға мал шалу (сою). Құрбанның аталу себебін айта кетейік. Алла Тағала Адам атаны жаратты. Оған серік болсын деп Һауа Ананы жаратты. Бұлардың Әбіл мен Қабыл атты екі ұлы болатын. Үлкен баласы Қабыл диқаншы, кіші баласы Әбіл мал бағатын. Бір күні Алла Тағаладан Адам атаның екі ұлына құрбандық шалуға хабар келеді. Сонда Әбіл малының ішіндегі ең семіз көк қошқарды құрбандыққа атап, тауға алып барады. Қабыл болса, жақсы піспеген бір қап бидайды апарып қояды. Содан аспаннан от түсіп, Әбілдің көк қошқары жоқ болады да, Қабылдың бидайы сол орнында тұрады. Алла Әбілдің шын ниетімен берген құрбандығын қабылдап, Қабылдың амалсыздан әкелген құрбандығын қабылдамады. Сол кезден бастап Алла Тағала құрбан шалу мен айт намазға баруды уәжіп қылды.

Келесі мейрам – қасиетті төрт айдың бірі Мухаррам (осы жылы 20 қаңтардан 18 ақпанға дейін) айында өтетін ашура күні. Ашура мухаррам айының қадірлі күні болып саналады. Бұл күн – Алла Тағала елшісі мен пайғамбарларын еске алу күні. Мұсылмандар құран оқып, Алладан ізгі тілек тілейді, барлық пайғамбарларға дұға бағыштайды. Ашура (арабша «он» деген мағына береді) күні – муххара айының оныншы күні. Сунниттердің мұсылмандық сенімдері бойынша Ашура күні пайғамбарларға қатысты көптеген бақытты оқиғалар болған. Осы күні Адам Ата мен Һауа Ана жұмақтан қуылғаннан кейін алғаш қайта кездескен, Нұһ пайғамбардың кемесі топан судан аман қалған, Ибраһим пайғамбар дүниеге келген, Мұса пайғамбар Фараонның қуғынынан аман қалған.

Наурыз – бәрімізге белгілі, жыл сайын кең ауқымда тойланатын мейрам. «Наурыз» – парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» дегенді білдіреді. Мұны қазақтар Бұхар, тәшкендік қожалардан үйренген. Ескі қазақта (түрікте) Жаңа жыл

Ражәб (осы жылы 16 шілдеден 13 тамызға дейін) айы – жыл-он екі айдың ішінде Алла Тағаланың пенделеріне сауабын еншілеп білдірген айларының бірі. Бұл ай ренжіскен кісілердің татуласу, көрмеген ағайындарын көру, дүниеден өткен бауырларын зиярат ететін ай. Бұл айда бірнеше сауапты істер бар. Соның бірі – Рағайб кеші. Бұл кеш – ражәб айының бірінші жұмасына қараған түн. Бұл түні әр бір адам шамасы келгенше Алла Тағалаға құлшылық етуі керек.

Ражәб айының тағы бір қасиетті кеші – Миғраж. «Миғраж» деген сөз «саты» дегенді білдіреді. Аспан мен астасқан, өзгеше жарық себезгілеген баспалдақпен бір сәтте жеті қат көкке көтеріліп, Миғражға шыққан түні Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) жәннат пен тозақты көрді, ғарышқа, рух әлеміне жетті. Алла Тағаланың рұқсатымен тағы басқа ғажайыптарды көрді. Осы жылы, осы күні бес уақыт намаз оқу бұйырылды.

Қадір сүресінен: «Анығында, Біз (Құранды) қадыр түні түсірдік (1). Қадір түнінің не екенін білесің бе? (2) Қадір түні – (игілікте) мың айдан артық (3). Сол түнде Алланың әмірімен барлық істі реттеу үшін (аспаннан) періштелер және Жебірейіл түседі (4). Бұл түнде таң атқанша «сәлем» жалғасады (5)». Алла Тағаланың қасиетті кітабы – Құран Кәрімнің алғашқы сүрелері рамадан айының 26-сынан 27-сіне қараған түні түскен. Мұсылмандар бұл түнді ұйқысыз өткізіп, он сегіз мың ғаламды, барша адамзатты, бүкіл тіршілікті жаратушы жалғыз Алладан тілек тілеген. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде осы түнге шын иланып сұралған тілек қабыл болады делінген.

Христиан әлемінің Рождество мейрамын атап өтуі Рим императоры Константин кезінен басталған. Ол христиан дін басыларына Евангелиядағы Плотонның Қасиетті үштік туралы ойына өзгертулер енгізіп, Рождествоны мереке етіп белгіледі.

Ал біздің тойлап өтетін Жаңа жыл мейрамы Петр патшаның кезінен бастау алады. 1698 жылы Жаңа жыл соңғы рет 1 қыркүйекте тойланыпты. Осыдан кейін Петр Патша жыл санауды Иса Пайғамбардың туған күнінен бастауға көшіреді де, қыркүйектегі Жаңа жыл қаңтарға ауысады.

Геортонимдердің үшінші тобы – халықаралық мейрамдар. Бұл мейрамдар қатарына: Халықаралық әйелдер күні, Балаларды қорғау күні, Халықаралық студенттер күні және т.б.

Енді оларға жеке-жеке тоқталсақ. 8-наурыз күні тойланатын Халықаралық әйелдер күні 1857 жылдан бастау алады. Бұл жылы Нью-Йорк қаласының тігінші әйелдері жұмыс жағдайының нашарлығына және жұмыс уақытының ұзақ болуына қарсы ереуілге шығады. Олар жалақыны

көтеру, жұмыс уақытын азайту, жұмыс жағдайын жақсарту, сондай-ақ, әйелдер ерлермен тең құқылы болуын ұрандайды. Әрине, ереуіл таратылады, бірақ бұл оқиға ұзақ уақыт қаланы шулатады. Бұл күнді «Әйелдер күні» деп атап та кетеді. 1910 жылы Американың социалист және феминист әйелдері бұл мерекені мемлекет көлемінде атап өтеді. Осы жылдың аяғында социалист-феминист әйелдердің өкілдері АҚШ-тан Копенгагенге социалист әйелдердің II Халықаралық Конференциясына келеді, осы жерде олар Клара Цеткинмен кездеседі. К.Цеткин конференцияда әйелдер күнін белгілеу туралы мәселе көтереді. Оның айтуынша, бұл күні әйелдер қоғамды өздеріне қаратып, талаптарын жариялайтын болады. Конференцияға қатысқын 17 мемлекеттің 100-ден астам әйелдері бұл ойды қолдайды. Бірақ бұл конференцияда Әйелдер мейрамының нақты күні аталмайды. Ең алғаш рет Әйелдер күні 1911 жылдың 19 наурызында Германия, Дания, Австрия және тағы бірнеше Еуропа елдерінде атап өтіледі. 1912 жылы бұл мейрам 19 наурызда емес, 12 мамырда тойланады. Тек 1914 жылдан бастап, неге екені белгісіз, бүкіл халық Әйелдер күнін 8 наурызда атап өте бастайды.

Халықаралық студенттер күні 17 қарашада тойланады. Бұл күн 1941 жылы Лондонда өткен халықаралық фашизмге қарсы жастар конгресінде Чехословакия студенттерін еске алу күні болып белгіленді. 1939 жылы 17 қарашада Чехословакия студенттер Қоғамының басшылары мен студенттер фашист-неміс басқыншы билігімен қамауға алынып, атылған болатын.

Мақалада тек елімізде тойланатын сан алуан мейрамдардың аз бөлігі ғана талданды. Зерттеу барысында қазақ лингвистикасында геортонимдердің ашылмаған сырлары мен қарастырылмаған қырлары баршылық екенін байқадық. Ең қиыны геортонимдер арасына бір шек қою. Кейбір мереке атаулары мезгілді көрсету үшін де қолданылатындығы көрінеді. Мысалы орыс тілінде, Пасха, Рождество шіркеулік мейрамдар атауларымен қатар, сол кездегі күнделікті мезгілді де көрсетеді: к пасхе, к рождеству. Бұл жерде олар мейрам емес, мезгіл мағынасын білдіреді. Бұл онимдер геортонимдер мен хрононимдер арасындағы өтпелі саты болып табылады.

Менің ойымша, бұл тақырыптың маңыздылығы, біріншіден, ономастикада жалқы есімдердің классификациясы жөніндегі теоретикалық мәселелердің шешуді қажет ететіндігі, олардың шығу тарихы, тілдегі қолданысы. Екіншіден, қазіргі лингвистикада ономастикалық лексиканың өтпелі топтарының арасына белгілі бір шек қойылмағандығы және осы мәселелердің толық қарастырылмағандығы.

Орыс зерттеушілері ономастиканың жан-жақты зерттелуін қамтамасыз етіп, өз тілдерін байытып жатса, біздің лингвистикамызда бұл сала әлі де жабулы күйінде қалып келеді десек артық болмас. Бұл жұмыс қазақ лингвистикасындағы, ономастика саласының бір тармағы, геортонимдердің зерттелуіне қосқан аз да болса, үлесіміз деп білемін.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – 1990ж.
2. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – 1973 ж.
3. Мұсылман күнтізбесі.
4. «Түркия» газетінің күнтізбесі.
5. Б. Тілеубердиев. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы, 2006ж

### **ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРİNДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫ**

**Подольская Евгения**

*1 «В» «Аударма ісі»*

Ғылыми жетекші: Абиыр Ақбота

Әр халықтың өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігі – дүние шындығын көркем образбен қабылдауы, шешендік сөз өнерінің ұлт менталдығы ретінде көрсетуі, ұлтының психологиялық терең болмысын байқататын құрал - тілі. Халықтың тіл байлығын танытатын, әрі ұлттың болмыс, діл, сана - сезімін көрсететін үлкен бір саласы – фразеологизмдер. Қазақ тілі ұлт болмысының өзіндік ерекшеліктерін танытатын бейнелі тіркестерге өте бай. Ұлттың менталдық өрісінің ауқымы мен көркемдік ойлау қабаттарын және қазақ тілінің бай тіл қуатының молдығын білу үшін ұлт тіліндегі фразеологизмдерге жүгінген жөн.